Пән бойынша емтихан бағасы межелік бақылау бойынша үлгерімнің барынша үлкен көрсетулерінің (60% дейін) және қорытынды аттестацияның (емтиханның) (40% дейін) қосындысы ретінде анықталады және кестеге сәйкес 100% дейінгі мәнді құрайды.

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Цифрлық балама	%-тік құрамы	Дәстүрлік жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттандыруарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттандыруарлықсыз

«А» (өте жақсы) деген баға, студент семестр барысында пәннің барлық бағдарламалық сұрақтары бойынша өте жақсы білім көрсеткен, сонымен қатар, өздік жұмыс тақырыптары бойынша жиі аралық білімін тапсырған, оқылатын пән бойынша негізгі бағдарлама бойынша теориялық және қолданбалы сұрақтарды оқуда дербестік көрсете білген жағдайда қойылады.

«А-» (өте жақсы) деген баға негізгі заңдар мен процестерді, ұғымдарды, пәннің теориялық сұрақтарын жалпылауға қабілетін өте жақсы меңгеруін, аудиториялық және дербес жұмыс бойынша аралық тапсырмалардың жиі тапсырылуын болжайды.

«B+» (жақсы) деген баға, студент пәннің сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білімдер көрсеткен, семестрлік тапсырмаларды көбінесе «өте жақсы» және кейбіреулерін «жақсы» бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«B» (жақсы) деген баға, студент, пәннің нақты тақырыбының негізгі мазмұнын ашатын сұрақтары бойынша жақсы және өте жақсы білімдер көрсеткен, семестрлік тапсырмаларды уақытында «өте жақсы» және «жақсы» бағаларға тапсырған жағдайда қойылады.

«B-» (жақсы) деген баға студентке, егер ол аудиториялық қалай болса, дәл солай СӨЖ тақырыптары бойынша пәннің теориялық және қолданбалы

сұрақтарына жақсы бағытталады, бірақ семестрде аралық тапсырмаларды жиі тапсыратын және пән бойынша семестрлік тапсырмаларды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие болған жағдайда қойылады.

«С+» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша зейінділік сипаттағы сұрақтарға ие, пәннің жеке модульдарының мазмұнын аша білген, семестрлік тапсырмаларды «жақсы» және «қанағаттанарлық» бағаға тапсырған жағдайда қойылады.

«С» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша зейінділік сипаттағы сұрақтарға ие, пәннің жеке модульдарының мазмұнын аша білген, семестрлік тапсырмаларды «қанағаттанарлық» бағаға тапсырған жағдайда қойылады.

«С-» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша жалпы мағлұматтандырылған және нақты тақырыптың шеңберінде ғана жеке заңдылықтар мен олардың ұғымын түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D+» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол аудиториялық сабақтардың және СӨЖ барлық түрлері бойынша семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған және нақты тақырыптың шеңберінде ғана жеке заңдылықтар мен олардың ұғымын түсіндіре алатын жағдайда қойылады.

«D» (қанағаттанарлық) деген баға студентке, егер ол семестрлік тапсырмаларды уақытында тапсырмаған және аудиториялық сабақтар мен СӨЖ бойынша білімі төмен, сондай-ақ, сабақтар босатқан жағдайда қойылады.

«F» (қанағаттанарлықсыз) деген баға студент, СӨЖ және сабақтардың түрлері бойынша теориялық және практикалық білімнің төмен деңгейіне де ие емес, сабақтарға жиі қатыспайтын және уақытында семестрлік тапсырмаларды тапсырмайтын жағдайда қойылады.

Аралық бақылау оқытудың 7-ші және 14-ші апталарында жүргізіледі және бақылаудың келесі түрлерінен шыға отырып, ұйымдастырылады:

Бақылау түрі	% -дық құрамы	Оқытудың академиялық кезеңі, апта															Барлығы	
		2-семестр																
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15		
Қатысу	0,2	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	3
Лекция конспектісі	0,4	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	6
Практикалық саб.	1	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	15
Зертханалық саб.	1,25	*		*	*	*		*	*			*		*			10	
Жазбаша жауап алу	6							*							*		12	

СӨЖ	1,00		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	14
Емтихан																	40
Барлығы аттест/ бойынша								30								30	60
Барлығы																	100

Бақылау түрі	% - ДЫҚ құрамы	Оқытудың академиялық кезеңі, апта															Барлығы	
		3-семестр																
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15		
Қатысу	0,2	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	3
Лекция конспектісі	0,4	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	6
Практикалық саб.	1	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	15
Зертханалық саб.	1,25		*	*	*			*			*			*			10	
Жазбаша жауап алу	6							*								*	12	
СӨЖ	1,00		*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	14	
Емтихан																	40	
Барлығы аттест/ бойынша								30								30	60	
Барлығы																	100	

Саясат және рәсімдер

«Физика–1» пәнін оқу кезінде келесі ережелерді сақтауды өтінеміз:

- 1 Сабаққа кешікпей келуді.
- 2 Дәлелді себепсіз сабақ босатпауды, ауырған жағдайда анықтама, ал басқа жағдайларда түсініктеме хат ұсынуды.
- 3 Студенттің міндетіне барлық сабақтарға қатысу кіреді.
- 4 Оқу процесінің күнтізбелік жоспарына сәйкес бақылаудың барлық түрлерін тапсыру.
- 5 Жіберілген практикалық және зертханалық сабақтар оқытушы белгілеген уақытта қайта тапсыру.

Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілгендігі

Автордың аты-жөні	Оқу-әдістемелік әдебиеттердің атауы	Баспасы, Шыққан жылы	Даналар саны	
			Кітапханада	Кафедрада
Неізгі әдебиеттер				
Савельев И.В.	Жалпы физика курсы I – II том	Мектеп, 1988 г.	18	8
Савельев И.В.	Жалпы физика курсы 3 том	Қар-ды 2012	120	-
Абдулаев Ж.	Физика курсы	Алматы, 1994	20	5
Волькенштейн В.С.	Жалпы физика курсының есептері	Москва, 1990 г.	150	15
Ахметов А. Қ.	Физика	Алматы, 2000	50	3
Ақылбаев Ж. С. Ермағанбетов Қ.Т.	Электр және магнетизм	Қарағанды 2003	50	
Милантьев В.П.	Атомная физика.	Москва, 1999 г.	45	8
Телеснин Р.В.	Молекулярная физика.	Москва, 1980 г.	46	6
Матвеев А.Н.	Электричество и магнетизм.	Москва, 1983 г.	65	10
Трофимова Т.И.	Сб. задач по общей физике.	Москва, 2001 г.	143	8
Иродов И.Е. –	Задачи по общей физике. М.	Москва, 1999 г.	153	7
Козел С.М., Рашба Э.И.	Сб. задач по физике. –	Москва, 1987 г.	139	6
Беликов Б.	Решение задач по физике	Москва, 1986 г.	143	19
Чертов А., Воробьев А. З.	Задачник по физике.	Москва, 1981 г.	129	13
Савельев И.В.	Курс общей Физика в 5 томах.	Москва, 2001 г	120	10
Трофимова Т.Н.	Курс Физика.	Москва, 2001 г	210	12

Білім және тестілеулеудің мемлекеттік стандартының ұлттық орталығы.	Әр пән бойынша жоғарғы оқу орындарының студенттеріне арналған мемлекеттік аралық бақылау тестілерінің жиынтығы.	Астана, 2005 г.	105	22
Қосымша әдебиеттер				
Әбдіғаппаров Қ., Ақылбаев А. Қ.	Физика	Алматы, 1995	10	
Жылқыбаева М.	Жалпы физика курсының есептері	Алматы, 1992	5	
Стрелков С.П.	Механика.	Москва, 1979 г.	56	5
Кикоин А.К., Кикоин И.К.	Молекулярная физика.	Москва, 1977 г.	83	8
Ландсберг Г.С.	Оптика.	Москва, 1976 г.	86	10
Матвеев А.Н.	Механика и теория относительности.	Москва, 1976 г.	72	5
Матвеев А.Н.	Электродинамика.	Москва, 1978 г.	68	8
Китель Ч.	Введение в физику твердого тела.	Москва, 1978 г.	60	6
Салькеева А.К., Копбалина Қ.Б. -	Молекулалық физика және термодинамика	Қарағанды-2010	100	10
Марков М.А.	О природе материи.	Москва, 1976 г.	49	3

Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі 2-семестр

Бақылау түрі	Тапсырманың мақсаты және мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Орындау ұзақтылығы	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі
СӨЖ	Өтілген тақырыптар бойынша тереңдетіп оқу	Негізгі және қосымша әдебиеттің жалпы тізімі	3 байланыс сағаты	Ағымдағы	Апта сайын
Зертханалық жұмыстарды қорғау (1,8,5, 6)	«Механика, термодинамика» бөлімі бойынша тереңдетіп оқу	[1], [2], [3], [11]-[15]	7 байланыс сағаты	Ағымдағы	1,3,4,5, апта
Практикалық есептерін шығару	«Механика, термодинамика физика» бөлімі бойынша тереңдетіп оқу	[1], [2], [3], [4]	7 байланыс сағаты	Ағымдағы	Апта сайын

Жазбаша жауап №1	«Механика» Молекулалық, термодинамика» бөлімі ойынша тереңдетіп оқу	[1], [2], [3] Дәрістің қысқаша мазмұны	1 байланыс сағаты	Аралық	7 апта
Зертханалық жұмыстарды қорғау (18,22,39,48)	«Молекула лық, термодинамика», «Электрст. Тұрақты тоқ және магнетизм» бөлімі бойынша тереңдетіп оқу	[1] - [18]	8 байланыс сағаты	Ағымдағы	7,8,11, 13 апта
Практикалық есептерін шығару	«Электрст. Тұрақты тоқ және магнет.» бөлімі бойынша тереңдетіп оқу	[1], [2], [3], [4]	8 байланыс сағаты	Ағымдағы	Апта сайын
Жазбаша жауап №2	«Электрст. Тұрақты тоқ және магнет» бөлімі бойынша тереңдетіп оқу	[1], [2], [3] Дәрістің қысқаша мазмұны	1 байланыс сағаты	Аралық	14 апта
Емтихан	Пән материалының меңгерілу деңгейін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттің жалпы тізімі	2 байланыс сағаты	Қорытынды	Сессия кезеңінде

3-семестр

Бақылау түрі	Тапсырманың мақсаты және мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Орындау ұзақтылығы	Бақылау түрі	Тапсыру мерзімі
СӨЖ	Өтілген тақырыптар бойынша тереңдетіп оқу	Негізгі және қосымша әдебиеттің жалпы тізімі	3 байланыс сағаты	Ағымдағы	Апта сайын
Зертханалық жұмыстарды қорғау (80,72, 61,66)	«Геометриялық оптика және жарық дифракциясы» бөлімі бойынша тереңдетіп оқу	[1], [2], [3], [11]-[15]	7 байланыс сағаты	Ағымдағы	2,3,4,5, апта
Практикалық есептерін шығару	«Геометриялық оптика және жарық дифракциясы» бөлімі бойынша тереңдетіп оқу	[1], [2], [3], [4]	7 байланыс сағаты	Ағымдағы	Апта сайын

Жазбаша жауап №1	«Геометриялық оптика және жарық дифракциясы» бөлімі бойынша тереңдетіп оқу	[1], [2], [3] Дәрістің қысқаша мазмұны	1 байланыс сағаты	Аралық	7 апта
Зертханалық жұмыстарды қорғау (64,68,102)	«Кванттық оптика. Жылулық сәуле шығару» бөлімі бойынша тереңдетіп оқу	[1] - [18]	8 байланыс сағаты	Ағымдағы	7, 10,13 апта
Практикалық есептерін шығару	«Кванттық оптика. Жылулық сәуле шығару. Квант теория идеясы» бөлімі бойынша тереңдетіп оқу	[1], [2], [3], [4]	8 байланыс сағаты	Ағымдағы	Апта сайын
Жазбаша жауап №2	«Кванттық оптика. Жылулық сәуле шығару» бөлімі бойынша тереңдетіп оқу	[1], [2], [3] Дәрістің қысқаша мазмұны	1 байланыс сағаты	Аралық	14 апта
Емтихан	Пән материалының меңгерілу деңгейін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттің жалпы тізімі	2 байланыс сағаты	Қорытынды	Сессия кезеңінде

Өзін өзі бақылауға арналған сұрақтар

Механика

1. Материалық нүкте деп нені айтады? Санақ жүйесі деп нені айтады?
2. Қозғалыстың траекториясы деп нені айтады?
3. Радиус вектор деп нені айтады? Материалық нүкте қозғалысының жылдамдығы деп нені айтады?
4. Материалық нүктеңің үдеуі деп нені айтады?
5. Бірқалыпты қозғалыс деп қандай қозғалысты айтады? Жолдың уақытқа тәуелділігі графигінен бірқалыпты қозғалыс үшін салынған қозғалыстың жылдамдығын қалай анықтайды?
6. Қандай қозғалысты бірқалыпты айнымалы қозғалыс деп атайды? Бірқалыпты айнымалы қозғалыстың теңдеуін жазыңыз?
7. Бұрыштық жылдамдық деп нені айтады? Бұрыштық жылдамдықтың векторы қалай бағытталған? Бұрыштық жылдамдық ω мен сызықтық жылдамдық v арасында қандай байланыс бар?

8. Бұрыштық үдеу деп нені айтады? Бұрыштық үдеудің векторы қалай бағытталған?
9. Нормаль үдеу нені сипаттайды?
10. Сзықтық және бұрыштық шамалардың арасында қандай байланыс бар?
11. Шенбер бойымен бірқалыпты қозғалыс жасап келе жатқан бөлшектің тангенциаль және нормаль үдеулері неге тең?
12. Масса. Күш. Бүкіл әлемдік тартылыс заңы.
13. Ньютонның үшінші заңы.
14. Ауырлық күш деп нені айтады? Дененің салмағы деп нені айтады? Дененің салмағы мен ауырлық күшінің арасында қандай айырмашылық бар?
15. Қандай күштерді консерватив күштер деп айтады? Консерватив күштер өрісінің жұмысы неге тең?
16. Потенциалдық энергия немен анықталады? Ауырлық күш өрісіндегі дененің потенциалдық энергиясы.
17. Қозғалмайтын нүтеге қатысты күш моменті деп нені айтады? Күш моментінің векторы қалай бағытталған? Өлшембірлігі.
18. Күш иіні деп нені айтады?
19. Қозғалмайтын оське қатысты күш моменті деп нені айтады? Қос күш деп нені айтады? Қос күштің моменті неге тең?
20. Қозғалмайтын нүктеге байланысты бөлшектің импульс моменті деп нені айтады? Импульс моментінің векторы қалай бағытталған?
21. Қозғалмайтын оське қатысты импульс моменті деп нені айтады?
22. Дененің инерция моменті деп нені айтады? Неге ол байланысты?
23. Айналу осьне қатысты материалдық нүктең инерция моменті.
24. Штейнер теоремасы. Айналмалы қозғалыс динамикасының негізгі теңдеуі.
25. Ілгерлемелі және айналмалы қозғалыстардың арасындардағы ұқсастығы.
26. Импульстің сақталу заңы. Кеністіктің және уақыттың қандай қасиетімен импульстің сақталу заңы байланысты?
27. Импульс моментінің сақталу заңы. Кеністіктің және уақыттың қандай қасиетімен импульс моментінің сақталу заңы байланысты?
28. Механикалық энергияның сақталу заңы. Кеңістіктің және уақыттың қандай қасиетімен механикалық энергияның сақталу заңы байланысты?
29. Инерциалды емес деп қандай жүйелерді айтады?
30. Инерция күштерінің әдеттегі күштерден айырмашылығы қандай?

Жалпы және арнаулы салыстырмалы теорияның принципі. Сұйықтардың механикасы.

Галилейдің салыстырмалы принципі.

1. Галилей түрлендірулері.
2. Арнаулы салыстырмалы теорияның постулаттары.
3. Арнаулы салыстырмалы теорияда қандай инварианттар бар?

4. Релятивтік механикадағы оқиғалардың арасындағы аралық.
5. Лоренц түрледірулері.
6. Қозғалыстағы релятивтік бөлшектің массасының жылдамдықпен байланысы. Ұзындықтың релятивтік қысқаруы.
7. Уақыттың релятивтік қысқаруы. Масса және энергияның өзара байланысы.
8. Материалық нүкте үшін релятивтік динамикасының негізгі заңы.
9. Материалық нүктең релятивтік импульсің қандай теңдеу арқылы есептеуге болады?
10. Кинетикалық энергияның релятивтік теңдеуі.
11. Паскаль заңы. Архимед заңы. Гидростатикалық қысым.
12. Сұйықтың үздіксіз заңы.
13. Ағын сызығы және ағын түтігі деп нені айтады? Бернулли теңдеуі.
14. Ламинарлық және турбуленттік ағыстардың айырмашылығы.
15. Тұтқырлық коэффициентінің физикалық мағынасы. Сұйықтар мен газдардың тұтқырлық коэффициенті неге тәуелді?

МКТ. Тасымалдау құбылыстары.

1. МКТ-нің негізгі ережелері.
2. Идеал газ молекуласының орташа кинетикалық энергиясы.
3. Температураның молекула-кинетикалық мағынасы.
4. МКТ-нің негізгі теңдеуі. Идеал газдың моделі. Авогадро заңы.
5. Изотермиялық процестің графигі және теңдеуі.
6. Изобарлық процестің графигі және теңдеуі.
7. Менделеев-Клапейрон теңдеуі. Максвелдің таралу заңы.
8. Идеал газ молекулаларының ең ықтимал жылдамдығы?
9. Идеал газ молекулаларының орташа арифметикалық жылдамдығы.
10. Идеал газ молекулаларының орташа квадраттық жылдамдығы.
11. Барометрлік теңдеу.
12. Сыртқы потенциалдық өрістегі бөлшектер үшін Больцманның таралу заңы.
13. Тасымалдау құбылыстарының жалпы сипатамасы.
14. Диффузия теңдеуі. Тұтқырлық теңдеуі
15. Жылу өткізгіштік теңдеуі.
16. Молекуланың еркін жүру жолы.

Термодинамика. Нақты газдар. Фазалық ауысулар.

1. Идеал газдың ішкі энергиясы.
2. Еркіндік дәрежелер саны. Энергияның еркіндік дәрежелер бойынша таралуы. Көлемі өзгертін газдың жұмысы.
3. Жылу мөлшері. Меншікті және мольдік жылу сыйымдылықтар.
4. Процестің түріне байланысты идеал газдың жылу сыйымдылығының тәуелділігі. Майер теңдеуі.

5. Бірінші термодинамиканың бастамасы.
6. Қандай процессті адиабаттық деп атайды? Пуассон теңдеуі.
7. Изобарлық процесс үшін бірінші термодинамиканың заңы қолдану.
8. Қандай процессті политропиялық деп атайды? Политропияның теңдеуі.
9. Жылу машинаның ПӘК-і.
10. Карно циклі және оның ПӘК-і. Термодинамиканың екінші бастамасы.
11. Энтропия (анықтамасы, статистикалық мағынасы).
12. Өртүрлі агрегаттық күйлер үшін молекулалардың өзара байланыс потенциалдық энергиясы және жылу қозғалысының кинетикалық энергиясы арасындағы теңдеулер.
13. Бір моль газ үшін Ван-дер-Ваальс теңдеуі.
14. Ван-дер-Ваальс теңдеулеріндегі a және b тұрақтыларының физикалық мағынасы.
15. Өртүрлі температуралар үшін Ван-дер-Ваальс изотермаларын суретіңіз.
16. Бір компоненттік қоспа үшін фазалық диаграмманы сызыңыз және балқу, булану, сублимация қисықтарын көрсетіңіз.
17. Үштік нүкте деп нені айтады?
18. Кризистік температура деп нені айтады?
19. Сублимация деп нені айтады?

Вакуумдағы электр өрісі.

1. Электр өріс деп нені айтады?
2. Электр зарядының сақталу заңының тұжырымдаңыз.
3. Қандай электр зарядын нүктелік деп санауға болады?
4. Кулон заңы.
5. Электр өрісінің кернеулігі деп нені айтады?
6. Электр өрісінің кернеулігі деп нені айтады? Он және теріс зарядтардың электр өріс кернеуліктері қалай бағытталадынын суреттеп көрсетіңіз.
7. Өрістердің суперпозиция принципін тұжырымдаңыз.
8. Электр өрісінің күш сызықтары деп нені айтады? Нүктелік зарядтың күш сызықтарын сызыңыз.
9. Жабық бет арқылы өтетін кернеулік векторының ағыны.
10. Вакуумдағы электрстатикалық өріс үшін Остроградский- Гаусс теоремасы.
11. Қандай өрісті біртекті деп атайды?
12. 1 нүктеден 2 нүктеге q зарядың тасымалдауға кеткен электрстатикалық өрістің жұмысы неге тең?
13. Потенциал деп нені айтады? Нүктелік заряд өрісінің потенциалы.
14. Эквипотенциал бет деп нені айтады? Эквипотенциал беттер мен күш сызықтары өзара қандай бұрыш жасайды?
15. Нүктелік заряд өрісінің эквипотенциал беттерін сызыңыз.
16. Потенциалдар айырымы деп нені айтады?

17.Электр өріс кернеулігі векторының циркуляциясы неге тең?

Зат ішіндегі электр өрісі.

1. Электр диполь деп нені айтады?
2. Диполь моменті деп нені айтады(дипольдің электр моменті)?
3. Қандай молекулаларды полярлы емес деп атайды?
4. Қандай молекулаларды полярлы деп атайды?
5. Диэлектриктің электрондық поляризациясы деп нені атайды?
6. Изотропты диэлектриктер үшін электр өрісінің кернеулігі мен диэлектриктің поляризациясы арасындағы тәуелділігі.
7. Қандай зарядтарды байланысқан деп атайды?
8. Диэлектриктең жасалған пластина конденсатордың ішіне орналастырылған. Диэлектриктегі қорытынды өріс кернеулігі неге тең?
9. Заттың диэлектрлік өтімділігі нені көрсетеді?
- 10.Заттың диэлектрлік қабылдағыштығы және диэлектрлік өтімділігі арасындағы өзара байланыс.
- 11.Электр ығысу векторы.
- 12.Диэлектриктегі электр өріс үшін Острградский- Гаусс теоремасы.
- 13.Сегнетоэлектрик деп нені айтады? Сегнетоэлектриктің басқа диэлектриктерден айырмашылығы?
- 14.Өріс кернеулігі E_0 біртекті электр өрісіне зарядталмаған өткізгіш орналастырылған. Өткізгіш ішіндегі өріс кернеулігі неге тең?
- 15.Өткізгіштердің электр сыйымдылығы деп нені айтады? Электр сыйымдылық неге тәуелді? Өлшембірлігі қандай?
- 16.Конденсаторлардың паралель қосылуы. Жалпы сыйымдылығы неге тең?
- 17.Конденсаторлардың тізбектей қосылуы. Жалпы сыйымдылығы неге тең?
- 18.Зарядталған конденсатордың энергиясы.

Тұрақты тоқ.

1. Электр тоқ деп нені айтады?Электр тоғы болу үшін негізгі шарттарды айтыңыз.
2. Тізбектегі тұрақты электр тоқты сақтауға электр өріснің мүмкіншілігі неге жоқ?
3. Тоқ күші деп нені айтады?Тоқ тығыздығы деп нені айтады?
4. ЭҚК.Тосын күштер өрісінің кернеулік векторының циркуляциясы.
5. Біртекті тізбек бөлігі үшін интеграл түрдегі Ом заңы.
6. Дифференциал түрдегі Ом заңы.
7. Біртекті емес тізбектің бөлігі үшін Ом заңы.Тұйық тізбек үшін Ом заңы.
8. Өткізгіштің кедергісінің температураға және өлшемдеріне тәуелділігі.
9. Интеграл түрдегі Джоуль -Ленц заңы.
- 10.Видеман-Франц заңы.

11. Ток тасушылардың бағытталған қозғалыс жылдамдығы және ток тығыздығы арасындағы байланыс.
12. Газдардағы ток үшін Ом заңы.
13. Тармақталған тізбектер үшін Киргхоф заңдары.
14. Әртүрлі орталар үшін ток тасушылар болатын зарядталған бөлшектер.

Электромагнетизм

1. Индуктивтік дегеніміз не?
2. Өздік индукция үшін Э.Қ.К.-нің өрнегін жаз.
3. Өздік индукция құбылысы дегеніміз не?
4. Вакуумдағы өткізгіштің индуктивтілігі неге тәуелді?
5. Индуктивтілігі L катушканың магнит өрісінің энергиясының өрнегі?
6. Трансформатордың жұмысы неге негізделген?
7. Магнит өрісінің энергиясының көлемдік тығыздығының формуласы.
8. Соленойдтың индуктивтілігінің өрнегі?
9. Заттың магниттелуін не сипаттайды?
10. Сутегі атомындағы электроны қосынды магниттік моменті неден құралады?
11. Атомдағы электронның орбиталық қозғалысының гиромагниттік қатынасы үшін өрнегін жаз.
12. Магниттік өтімділік жегеніміз не?
13. Магниттік алғырлық қалай анықталады?
14. Магниттік алғырлық пен магниттік өтімділік арасындағы байланыс формуласын жаз.
15. Қай заттардың магнит алғырлығы температураға тәуелді емес?
16. Сыртқы магнит өрісі болмағанда қай магнетиктің атомының магниттік моменті 0-ге тең?
17. Парамагниттік эффект қалай пайда болады?
18. Қандай магнетиктерде магниттелгіштік векторының бағыты магнит өрісінің кернеулік векторына қарама-қарсы?
19. Қандай магнетиктерде магниттелгіштік векторының бағыты магнит өрісінің кернеулік векторымен бағыттас?
20. Атомның магниттік моменті қандай құрамнан тұрады?
21. Парамагнетиктердің магниттік алғырлығы үшін жазылған Кюри заңын көрсет.

Тербелістер мен толқындар

1. Еркін гармониялық механикалық тербелістің дифференциалдық теңдеуі (мысалы серіппелі маятниктің теңдеуі)
 1. Тербеліс периоды дегеніміз не? Серіппелі маятниктің тербелісінің периодының формуласын жаз.
 2. Тербелістің амплитудасы, тербелісі, фазасы дегеніміз не?

3. Өшетін электромагниттік тербелістің дифференциал теңдеуі.
4. Өшудің логарифмдік декременті дегеніміз не? Механикалық тербелістің логарифмдік декременті үшін өрнекті жаз.
5. Тербеліс жүйесінің сапалылығы дегеніміз не? Тербелмелі контурдың сапалылығының өрнегін жаз.
6. Тербелмелі контурдың сапалылығы мен логарифмдік декремент λ арасындағы байланысты жаз.
7. Механикалық еріксіз тербеліс теңдеуі.
8. Индуктивтік кедергінің формуласы. Сиымдылық кедергісінің формуласы.
9. Қандай тербеліс еріксіз тербеліс деп аталады.
10. Еркін электромагниттік тербеліс пайда болуы үшін тербелмелі контур қандай элементтерден құралуы керек?
11. Келтірілген теңдеу контурдағы қандай тербелісті сипаттайды? $q = q_0 * e^{-R/2L} * \sin(\omega t + \varphi)$
12. Айнымалы ток тізбегіне тікелей жалғанған сиымдылық C , индуктивтілік L және кедергі R үшін Ом заңын жаз.
13. Сфералық толқынның теңдеуін жаз. Берілген ортадағы электромагниттік толқын

Геометриялық және толқындық оптика.

1. Сыну көрсеткішінің физикалық мәні неде?
2. Абсолюттік және салыстырмалы сыну көрсеткіштерінің өзара байланысының өрнегі.
3. Толық ішкі шағылу қандай жағдайда болуы мүмкін?
4. Жарықтың толық ішкі шағылуының шекті бұрышының шартын жаз.
5. Егер ортаның абсолют сыну көрсеткіші 1,5 болса, онда бұл ортадағы жарық жылдамдығы қандай?
6. Ауадан шыны табакшаға 60° -пен түскен жарық оның екінші бетінен шағылғанда толық ішкі шағылу бола ма? Шыны үшін сыну көрсеткіші 1,5.
7. Тереңдігі 2,0 метр судың түбіне ұзындығы қағылған бағананың 0,75 м судан сыртқы шығып тұр. Егер күннің горизонттан биіктігі 45° болса, бағананың су бетіндегі және су астындағы көлеңкелерінің ұзындығын анықта.
8. Жарық күші 200 Кд электр шамы 45° бұрышпен жұмыс столына түседі. Столдың жарықтануы $E = 141$ лк болса, лампа столдан қандай қашықтықта тұр?

Жарықтың затпен өзара әсерлесуі. Поляризация

1. Жарық дисперсиясы дегеніміз не?
2. Аномальды дисперсияның қалыпты дисперсиядан айырмасы қандай?
3. Жарық толқынының көлденең толқын екенін оның поляризация құбылысы арқылы қалай дәлелденеді?
4. Қандай жарық жазық поляризацияланған делінеді?

5. Поляризаторға жазық поляризацияланған сәуле түседі. Неге поляризаторды сәуле төңірегінде айналдырғанда өткен сәуленің қарқындылығы төмендейді?
6. Қай жағдайда анизотропты кристалдан сәуле өткенде оның қосарлану байқалмайды?
7. Брюстер заңының формуласын жазып тұжырымдаңыз. Суретпен сәуле жолдарын көрсетіңіз.

Интерференция

1. Интерференция дегеніміз не ?
2. Қарқындылығы бірдей екі толқынның максимум интерференциясы кезіндегі қарқындылығы 4 есе ұлғаятынын дәлелде.
3. Когерентті толқындар дегеніміз не?
4. Жарық толқындары неге электромагниттік деп аталады?
5. Неге екі табиғи жарық кездесіп беттескенде интерференция болмайды?
6. Жұқа пленкадан өткен және шағылған сәулелердің интерференцияларын бақылаған кезде олардың максимумы мен минимумының орнының неліктен ауысып көрінетінін түсіндір.
7. Неге компьютер дискілері жарық түскенде түрлі - түсті сәулелер құбылады?

Дифракция

1. Гюйгенс-Френель принципінің тұжырымын жазыңыз.
2. Гюйгенс принципінің көмегімен жарықтың жолындағы бөгетің көлеңке жағына өтуін түсіндіріңіз.
3. Френель дифракциясы мен Фраунгофер дифракциясына анықтама беріңіз.
4. Дифракциялық тордың ажырата алу қабілеті дегеніміз не?
5. Жарық толқындарының жол айырымы мен фазалар айырымының арасындағы байланыс қандай?
6. Дифракциялық тордың периоды дегеніміз не?
7. Когерентті жарық көздерінің кезіккенде максимумдардың пайда болуының шартын жол айырымдары арқылы көрсет.
8. Саңылауға толқын ұзындығы λ монохроматты жарық сәулелері параллель келіп түседі. Саңылаудың ені 6λ болса, спектрдің үшінші минимумы қандай бұрышпен көрінеді?
9. Сутегі атомындағы электронның ядромен байланысының потенциалдық энергиясын жаз.
10. Атомды иондау энергиясы дегенді қалай түсінесіз.
11. Орбитаның кванттық сан l нені білдіреді. Магниттің кванттық сан m_l нені анықтайды.
12. Спин нені анықтайды? Паули принципінің (ұстанымын) тұжырымында.
13. Атомдық спектрге қандай спектр жатады.

Атом ядросы физикасының элементтері

1. ${}^A_Z X$ - атом ядросы қандай бөлшектерден тұрады?
A, Z – нені білдіреді. Ядродағы нейтрон саны қалай табылады?
2. Ядросы ${}^A_Z X$ таңбасымен белгіленген атомның құрамында қанша электрон бар?
3. Сутегі изотоптары ${}^1_1 H$ - прорий, ${}^2_1 H$ - дейтерий, ${}^3_1 H$ - тритий ядролары қандай бөлшектерден тұрады?
4. Ядроның байланыс энергиясы дегеніміз не?
5. Ядроның «кемтік» массасы қандай формуламен анықталады?
6. Меншікті байланыс энергиясы дегеніміз не?
7. Ядролық күштердің сипаттамалары қандай?
8. Радиоактивтік сәуле шығарудың α, β, γ түрлері. Олардың қайсысы электр және магнит өрістерінде бағытын өзгертеді?
9. Радиоактивтік ыдырау заңын жаз.

Микробөлшектердің толқындық қасиеттері. Де Бройль толқыны және оның қасиеттері. Тұрғылықты күйдегі Шредингер теңдеуі

1. Жарық табиғатының корпускулярды толқындық теориясы.
2. Де Бройль формуласы, ол нені дәлелдейді?
3. Фотондар үшін $E=h\nu$, $P = h/\lambda$ формулалары орындалады. Осы формула электрон үшін орындала ма? Мұндағы E, h, P, λ, ν қалай аталады?
4. Де Бройль формуласы бойынша микробөлшектің жылдамдығы артқан сайын оның толқын ұзындығы қалай өзгереді?
5. Гейзенбергтің анықталмаушылық принципінің мәні неде?
6. $\Delta E \cdot \Delta z \geq h$ қатынасындағы ΔE және Δz қандай мағынасы бар.
7. Неге микробөлшектердің күйін толқындық функцияның көмегімен анықтау ықтималдық сипатта.
8. Микробөлшектің dV көлемінің ішінде болуының ықтималдығы неге тең?
9. Толқындық функцияны нормалау шартын жаз?
10. Микробөлшектің стационар күйі үшін Шредингер теңдеуін жаз және оны түсіндір?

Кванттық оптика.

1. Энергиялық шарқырау дегеніміз не?
2. Энергиялық шарқыраудың спектрлік тығыздығы дегеніміз не?
3. Жұту коэффициенті дегеніміз не? Шағылу коэффициенті дегеніміз не?
4. Жылу шығарудың Кирхгоф заңы
5. Кирхгофтың универсал (эмбебап) функциясының физикалық мәні
6. Стефан-Больцман заңы. Виннің ығысу заңы.

7. Температураның әртүрлі екі мәндері үшін абсолют қара дененің энергиялық жарқырауының спектрлік тығыздығының $U(\lambda, T)$ толқын ұзындығына тәуелділігінің графигін сыз, қайсысы үлкен температураға сәйкес келеді?
8. Рэлей-Джинс заңы. Сыртқы фотоэффект дегеніміз не? Ішкі фотоэффект дегеніміз не?
9. Фотон массасының формуласын жаз.
10. Комптон эффектісінің мәні неде?
11. Комптондық шашыраудың қандай бұрышына түскен сәуленің ең үлкен толқын ұзындығының өзгерісі сәйкес келеді?
12. Комптондық шашыраудың қандай бұрышына түскен сәуленің ең кіші толқын ұзындығының өзгерісі сәйкес келеді?
13. Еркін электрондардың комптондық шашырауы кезіндегі сәуле шығарудың толқын ұзындығының ең үлкен өзгерісін көрсететін өрнекті жаз.
14. Жарық қысымының формуласын жаз.
15. Сәулелену дегеніміз не?

31.03.2004 ж. берілген № 50 мем. баспа лиц.
Басуға қол қойылды . Пішімі 60 x 90/16
Есептік баспа табағы ш.б.п. Таралымы дана
Тапсырыс Бағасы келісімді

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің баспасы,
100027, Қарағанды, Бейбітшілік бульвары, 56